

Дәйексөз үшін: Айтбаева, А.Т., Айтбаев, Т.Е., Бурибаева, Л.А., Ибрагимова, Г.М. (2026). Жаңа кешенді биологиялық препараттардың пияз (*Allium cepa* L.) тұқымының егістік көрсеткіштері мен пиязшықтың өнімділігіне әсері. *Еуразиялық агротехникалық журнал*, 2(130), 14-27. DOI: [https://doi.org/10.51452/eaj.2026.2\(130\).2186](https://doi.org/10.51452/eaj.2026.2(130).2186).

ӘОЖ 631.527:631.58

Зерттеу мақаласы

Жаңа кешенді биологиялық препараттардың пияз (*Allium cepa* L.) тұқымының егістік көрсеткіштері мен пиязшықтың өнімділігіне әсері

Айтбаева А.Т.² , Айтбаев Т.Е.¹ , Бурибаева Л.А.² , Ибрагимова Г.М.² 

¹Қазақ жеміс және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан

²Қазақ жеміс және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты
«Қайнар» өңірлік филиалы, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қайнар ауылы, Қазақстан

Корреспондент авторы: Айтбаева А.Т.: aitbayeva_at@mail.ru

Бірлескен авторлар: (1: ТЕ) aitbayev.te@mail.ru; (2: ЛА) buribaeva_l_66@mail.ru
(3: ГМ) gulnara.0868@mail.ru

Келіп түсті: 01.04.2026 **Қабылданды:** 20.05.2026 **Жарияланды:** 30.06.2026

Авторлық құқық: Айтбаева А.Т. т.б. Бұл мақала ашық қолжетімділікте жарияланып, Creative Commons Attribution 4.0 халықаралық лицензиясының шарттарына сәйкес таратылады (<https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/>)

Түйін

Алғышарттар мен мақсат. Пияз (*Allium cepa* L.) – тағамдық және емдік құндылығы жоғары, кеңінен өсірілетін, аса бағалы көкөніс дақылы. Қазақстанда пияз өнімділігінің өндірілетін сұрыптың әлеуетінен төмен болуы, тұқымдарды сақтау кезінде өнгіштік қасиетін тез жоғалтуына байланысты, абиотикалық және биотикалық күйзелістерге төзімсіз, әлсіз, әрі сирек өсімдіктердің қалыптасуымен түсіндіріледі. Осыған орай, біздің зерттеулеріміз пияз тұқымдарының егістік көрсеткіштерін жақсартып, өнімділікті арттыратын, жаңа кешенді биологиялық препараттардың тиімділігін анықтауға бағытталды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеулер Қазақстанның оңтүстік-шығысында, Іле Алатауының солтүстік тау бөктерінде орналасқан «Қазақ жеміс және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу» ЖШС «Қайнар» өңірлік филиалында жүргізілді. Тәжірибе пияздың Табыс сортында, ашық танап және зертханалық жағдайларда 5 нұсқада (Т1–Т5), 4 қайталанымда қойылды. Зерттеуде тұқымдардың өнгіштігі мен өсу энергиясы, фитосанитарлық көрсеткіші, өсімдіктердің биометриялық параметрлері, өнімділігі мен сапасы бағаланып, нәтижелері One-way ANOVA ($p \leq 0,05$) әдісімен талданды.

Нәтижелер. Алынған нәтижелер пияз тұқымын кешенді биологиялық препараттармен өңдеу олардың өнгіштігін едәуір арттырып, егістердің біркелкі және жаппай көктеп шығуын қамтамасыз еткенін көрсетті. Бұл өз кезегінде абиотикалық және биотикалық күйзелістерге төзімді, жасыл биомассасы мықты дамыған өсімдіктердің қалыптасуына ықпал етті. Вегетативті және генеративті мүшелердің қарқынды дамуы арқылы пияз дақылының өнімділігі артып, пиязшықтардың биохимиялық көрсеткіштері жақсарды. Сонымен қатар, егістердің фитосанитарлық жағдайы жақсарып, химиялық және пестицидтік жүктеме 1,5–2 есеге төмендеді.

Қорытынды. Пияз өндірісінде тұқымның егістік көрсеткіштері шешуші рөл атқарады, өйткені олар болашақ өнімділіктің негізгі факторларының бірі болып табылады. Зерттеу нәтижелері бұрын соңды жүргізілмеген, жаңа болып табылады және пияз тұқымдарын биопрайминг әдісімен өңдеу арқылы олардың өнгіштігін жақсартып, өнімділігін арттыруға болатындығын дәлелдейді.

Кілт сөздер: пияз; биопрайминг; саңырауқұлақ аурулары; морфологиялық сипаттамалар; өнімділік; сапа көрсеткіштері.

Кіріспе

Allium тұқымдасына 800 астам түр кіріп, азықтық және емдік мақсаттарда кеңінен қолданылады [1]. ФАО мәліметтері бойынша, пияз дақылы 140 жуық мемлекеттерде өсіріліп, ең ірі өндірушілері қатарына Қытай, Үндістан, АҚШ, Түркия, Ресей және Бразилия мемлекеттері кіреді. Ең жоғары өнімділігі Оңтүстік Корея (73,2 т/га) елінде тіркелген [2]. Қазақстан Республикасында пияз дақылының өнімділігі өндірілетін өңір жағдайы мен қолданылатын агротехнология түрлеріне қарай кең диапазон аралығында өзгермелі болып келеді. Мәселен, Жамбыл облысында дақылдың орташа өнімділігі шамамен 45–53 т/га аралығында, ал алдыңғы қатарлы шаруа қожалықтарында 70 т/га жетеді.

Пияз өнімділігін жоғары деңгейде қалыптастыру мақсатында жоғары сапалы тұқымдық материалды қолдану аса маңызды. Ғылыми деректерге сәйкес, пияз тұқымы үшін өніп-өсу көрсеткіші 70% төмен болмауы тиіс [3]. Өкінішке орай, пияз тұқымдары шектеулі сақтау мерзімдерімен мінезделеді. Тұқымдарының қабығы жұқа, тыныштық кезеңі болмайды және 2–3 жыл ішінде өнгіштігін айтарлықтай жоғалтады [4]. Пияз тұқымдарының тіршілік ету кезеңі мен сақтау мерзімдерінің шектеулі болуы, өнгіштіктің төмендеуіне алып келіп, өміршендігін қысқартады. Тұрақты, әрі біртекті өнгіштік беретін пияз тұқымдарына деген нарықтық сұраныс өте жоғары. Себебі, өнгіштігі төмен пияз тұқымдарын қолдану, көктеу үрдістерінің баяулауына, біркелкі емес, сиретілген егістердің қалыптасуына ықпал етеді.

Пияз тұқымдары пішіні бойынша майда келеді және өніп-өсуі нашар жүреді. Сондай-ақ, пияз тұқымдарының эндоспермінде эфир майларының көп болуына байланысты, тұқымдарының өніп-өсуі топырақ ылғалдылығына аса тәуелді келеді. Оңтайлы жағдайда, пияз тұқымдары 5–12 тәулікте көктеп, ал ауа температурасы төмен және ылғал деңгейі жеткіліксіз болғанда 20–25 тәулікке созылады. Сол себепті, өніп-өсу үрдістерін тездету үшін, пияз тұқымдарын алдын-ала ылғалдандыру қажет [5].

Пияз дақылының тұқымдық әлеуеті сорт ерекшеліктеріне, өсірілетін өңірдің табиғи-климаттық жағдайларына, тұқымдардың аналық өсімдіктерде орналасу реті, оларды жинау және сақтау жағдайларының дұрыс жүргізілуі, сонымен қатар, себу алдындағы дайындық жұмыстарына, яғни, тұқымды себу алдындағы өңдеуге тәуелді. Осыған орай, пияз тұқымының өнгіштік қасиеттерін арттырып, өміршендігін қалыптастыру мақсатында тұқымдарды өңдеу келешекті бағыт ретінде қарастырылуы керек.

Нарықта пияз тұқымдарының өнгіштігін қарқынлатып, өсу энергиясын күшейтетін химиялық және биологиялық препараттардың түрі көп. Көкөніс дақылдарының өніп-өсуі және өнім қалыптастыруы кезеңдерінде абиотикалық жағдайларға аса тәуелді және сезімтал келетіндігін ескерсек, пияз тұқымдарының өнгіштігін жақсарту үшін, биологиялық үдеткіштерді пайдаланудың қажеттілігі артуда [6, 7]. Сол себепті, ауыл шаруашылығы жүйесін биологияландыру және қарқындалу мақсатында, биологиялық препараттарды қолданудың практикалық тиімділігі де жоғары.

Прайминг, тұқымдардың, соның ішінде пияздың өміршендігін ұзартып, көктеу үрдістерін қарқындалатын аса тиімді іс-шара ретінде қарастырылады. Алғаш рет пияз тұқымдарын праймингтеу 1977 жылы жүргізілген. Содан бері, пияз праймингі едәуір жетілдіріліп, тұқымдық материалдың сапалық қасиеттерін арттыратын аса тиімді коммерциялық әдіс ретінде танылды [8].

Бүгінде тұқымдарды өңдеу бойынша гидропрайминг, осмопрайминг, қатты матрицалық прайминг, биопрайминг, нутрипрайминг, гормональды прайминг, нанопрайминг және т.б. қарастырылған. Шетелдік зерттеулерге шолу жасау, праймингтің түрлеріне байланысты пияз тұқымдарын өңдеу арқылы өнгіштігін арттыру бойынша нақты нәтижелер алынғаны белгіленді. Мәселен, тұқымдарды 0,4% гидроперит және сутек асқын тотығымен өңдегенде, 4,5–4,9 т/га қосымша өнім алынып, фенологиялық даму кезінде өсімдіктердің бір даму сатысынан екіншісіне 5–7 тәулікке ертерек өткені белгіленді [9]. Сонымен қатар, пиязшықтарда құрғақ заттар, аскорбин қышқылы және жалпы қанттар артқан, яғни биохимиялық құрамының жақсарғаны анықталды. Осмопрайминг әдісін қолданған тұқымдарда, өнгіштік 30-50% артқан [10]. Басқа зерттеулерде [11] гидропрайминг үшін гибберелин қышқылын қолданғанда, тұқымдардың тыныштық күйінен тез шығып, өсу үрдістерінің қарқындағаны және өскіндердің антиоксидантты қорғау қасиеттері

мен пролинин артуына байланысты қоршаған ортаның қолайсыз жағдайларына төзімдірек болғаны белгіленген. Гормональды және биопраймингті бірлесіп қолданғанда, пияз өміршеңдігін бір жылға ұзартуға болатындығы дәлелденген.

Тұқымдардың топырақтағы өніп-өсуі ылғалды сіңіруден басталады. Содан кейін ішкі физиологиялық үрдістер оянып, алғашқы тамырдың түзілуі жүреді [12]. Осы сәтте негізгі өсу үрдістерінің қарқынды жүруіне ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді [13].

Абиотикалық стресс кезінде тұқымдардың өнуі мен қалыпты өскіндер қалыптастыруы қиындай түсетіні белгілі, сол себепті, себу алдындағы өңдеу жұмыстары қоршаған ортаның келеңсіз жағдайларына төзімділікті арттыратын маңызды құрал ретінде қарастырылуы тиіс. Зерттеулер түрлі биологиялық ерітінділерде өсірілген тұқымдардың вегетациялық кезеңде стресстік факторларға төзімдірек болатынын көрсеткен [14].

Заманауи зерттеулер келешек өнімнің сапалық көрсеткіштерін арттыру мақсатында агротехникалық іс-шараларды биологиялық бағытқа бұруға бағытталған. Осы орайда негізгі фактордың бірі ретінде тұқымдық материалдың сапалық көрсеткіштері қарастырылуы тиіс. Оның аса тиімді және қолжетімді жолы – биопропрайминг. Бүгінде тұқымға экзогенді әсер ететін және органикалық қауымдастықпен қолдануға рұқсат етілген препараттар жеткілікті, тек ғылыми сүйемелдеу қажет. Пияз дақылдың экологиялық өндірісі тұқымдық материалдардың патогенді нысандармен залалдануымен шектелуде. Себебі, көптеген патогендер, соның ішінде, әсіресе саңырауқұлақ аурулары тұқым арқылы таралып, өсімдіктердің біртекті өсуіне кері әсер етеді, ал қарқынды вегетациялық даму кезеңінде өсімдіктердің дамуын нашарлатады. Сонымен қатар, пияз өнімдері ұзақ мерзімге (5–7 ай) қоймаларда сақталады. Сол себепті, келешек өнімнің сақталғыштығын арттыру мақсатында, тек сауықтырылған тұқымды қолданған маңызды. Кейбір деректер бойынша, сақтау кезіндегі патогендердің таралуы салдарынан қоймадағы көкөніс дақылдары өнімділігінің 25–40%-дан 85% дейін жоғалтуға болады [15].

Бүгінде елімізде пияз дақылдың өндірісі бойынша көрсеткіштер орташа деңгейде, алайда, ауқымды жер аумақтары мен қолайлы қоршаған орта жағдайлары, агротехникалық іс-шараларды жетілдіріп, биологиялық бағытқа бұру арқылы, соның ішінде, тұқымдық материалдың потенциалын арттыру дақылды үлкен көлемде өндіріп, жоғары өнім алуға мүмкіндіктер береді. Бұл, өз кезегінде, аталмыш бағытта зерттеулер жүргізу үшін негіз болды.

Қазақстан Республикасында пияз тұқымының сапалық көрсеткіштерін арттыруда биопраймингті қолдану бұрын соңды зерттелмеген, аса өзекті, тәжірибелік құндылығы жоғары іс-шара болып табылады. Сондай-ақ, зерттеу барысында пияз тұқымдарын өңдеу үшін құрамы экологиялық таза, тек биологиялық компоненттерден тұратын кешенді ерітінділер зерттеліп, олардың тиімділігі анықталды.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми-зерттеулер Қазақстанның оңтүстік-шығысы Іле Алатауының солтүстік тау бөктерінде (теңіз деңгейінен 1000–1050 м) орналасқан «Қазақ жеміс және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС «Қайнар» аймақтық филиалының «Көкөніс дақылдарын өсіру технологиялары» бөлімінің ғылыми стационарында жүргізілді.

Тәжірибе танабының топырағы күнгірт қарақоңыр, құрылымы бойынша орташа сазды болып берілген. Қара шірінді мөлшері – 2,9-3,0%; жалпы азот – 0,18–0,20%; жалпы фосфор – 0,19-0,20% және K_2O – 350–390 мг/кг. Сіңірілген негіздер жиынтығы – 100 г топыраққа 20–21 мг-экв., рН – 7,3–7,4. Көлемдік массасы – 1,1–1,2 кг/см³.

Климаттық жағдайы – күртконтинентальді. Шілде айының орташа ауа температурасы 22–24 °С-ты, қаңтар айында – 6–10 °С аязды құрайды. Оң температуралар жиынтығы – 3450–3750 °С, ал белсенді температуралар жиынтығы – 3100–3400 °С. Аязсыз мерзімдер ұзақтығы – 140–170 тәулік. Жылдық жауын-шашын мөлшері – 350–600 мм.

Зерттеуде пияздың аудандастырылған Табыс сорты қолданылды. Тұқымдар ашық танапқа сәуір айының ІІІ онкүндігінде себілді. Тәжірибелер 4 қайталанымда қойылып, бір қайталаным бойынша аумағы 100 м² құрады. Тұқым себу сұлбасы – 70 см, 3 қатарлы. Тұқым себу нормасы – 6,0 кг/га. Пияз егістеріне минералды тыңайтқыштар N110P75K90 нормасымен берілді.

Вегетациялық кезеңде пияз егістері 8 рет суарылды (450–500 м³/га). Сонымен қатар, егістік алқаптарында күтіп-баптау жұмыстары жүргізілді.

Егістік және зертханалық тәжірибелер 5 зерттеу нұсқаларынан (Т1–Т5) тұрды: Бақылау – өңдеусіз (Т1); Фитолаза, 1,0 мл/л + Фитоспорин, 2,0 г/л, ферменттер, элиситорлар және микробиологиялық бактерицидтер негізінде, 60 мин. (Т2); Скудо, 1,5 мл/л, суда еритін мыс қоспалары негізінде, 30 мин (Т3), Кальций гуматы, 0,5% (5,0 мл/л) + Фитолавин, 2,0 мл/л, фитогормондар мен органикалық қосындылар және табиғи антибиотик негізінде, 60 мин (Т4); Биосок Энерджи+, 10 мл/л + Копперт, 5,0 г/л, құрткомпосттары, пайдалы микроорганизмдер және мыс негізінде, 45 мин (Т5).

Тәжірибе егістерінде фенологиялық және биометриялық бақылаулар пияз дақылының келесі даму сатылары бойынша жүргізілді: өскіндердің пайда болуы (10%) (ВВСН 11–16, жаппай өніп шығуы (75% жоғары) (ВВСН 20–27), жапырақ-сабақтарының қарқынды өсуі (ВВСН 28–50), пиязшықтардың қалыптаса бастауынан пісіп-жетілуіне дейін (ВВСН 50–121), техникалық пісіп-жетілуі (ВВСН 122–132) [16].

Морфологиялық талдаулар пияз өсімдіктерінің 2 негізгі сатыларында: (I) жапырақтарының қарқынды өсіп-дамуы және (II) пиязшықтардың қарқынды өсуі кезеңдерінде жүргізілді. Зерттеулерде әр тәжірибе нұсқасынан таңдалған 10 өсімдіктер бақыланды. Әр зерттеу барысында модельді өсімдіктердің жапырақтар саны, олардың ұзындығы және жалпы аумағы есепке алынып, генеративті мүшелері пайда болғанда, пиязшықтарының диаметрі мен орташа массасы есептелді [17, 18].

Дақылдың өнімділігі техникалық пісіп-жетілуі кезеңінде әр тәжірибе нұсқалары бойынша 4 қайталанымда өнімді жинау барысында есепке алу арқылы анықталды. Пиязшықтардың жалпы өнімділігі есептеліп, тонна/гектар бірлігімен (т/га) көрсетілді. Мәліметтер негізінде зерттеу нұсқаларының (Т2–Т5) агрономиялық тиімділігін анықтау үшін, бақылау нұсқасымен (Т1) салыстырғанда алынған қосымша өнім деңгейі анықталды.

Пияз тұқымдарының өсу энергиясы мен өнгіштігін анықтау жұмыстары ГОСТ 12038-84 [19] сәйкес жүргізілді. Ол үшін қалдықтар мен қоқыстардан тазартылған 100 дана тұқымнан 4 үлгі алынды. Тұқымдар фракциясына байланысты 5,0–7,0 мм болатындай арақашықтықта қатарланып, алдын-ала дайындалған ыдыстарға орналастырылды. Зертханалық жұмыстарды жүзеге асыру үшін қолданылған зертханалық құралдар: температура диапазоны 220 °С құрайтын қыздыратын пеш, температура диапазоны 0–40 °С құрайтын, желдеткіші бар термостат, диаметрі 1 мм құрайтын елек, тұқымдарды өсіретін арнайы ыдыстар, ылғалдандыратын құрылғы, үлкейткіш айнек, сиымдылығы 500 мл цилиндр колбалары, сиымдылығы 1000 мл цилиндр колбалары, зертханалық таразы, тамызғыштар, қысқыштар, дәке, дистильденген су. Өңделген тұқымдар температура диапазоны 0 °С-тан 40 °С-қа дейін қыздыратын, желдеткіші бар термостаттарға орналастырылды. Тұқымдардың өніп-өсуі үрдістері тәулік сайын (24 сағат) бақылауға алынып, ылғалдандыру жұмыстары қажеттілікке қарай жүзеге асырылды. Биологиялық препараттардың мөлшері, тұқымдарды бұқтыру уақытының ұзақтығы тәжірибе сұлбасына сәйкес жүзеге асырылды.

Тұқымдарды фитосанитарлық талдау Чапек агарлық ортасына және картоп декстрозды агары қоректік ортасына себу әдісімен жүзеге асырылды. Зиянды патогендердің түркұрамы микроскопиялық әдіспен – $\times 100$ және $\times 400$ көбейту арқылы анықталды. Үлгілер саңырауқұлақ қоздырғыштарының мицелийлері, споралары мен конидияларына зерттелді. Залалданған тұқымдарды анықтау әр қайталанымда ауру белгілері бар өскіндерді есепке алу арқылы анықталды.

Биохимиялық талдаулар келесі әдістер бойынша жүргізілді: құрғақ еритін заттар ГОСТ 28562-90 [20], жалпы қанттылық – ГОСТ 8756.13-87 [21], С дәрумені – ГОСТ 24556-89 [22], нитраттар деңгейі ГОСТ 29270-95 [23].

Алынған зерттеу нәтижелеріне One way (ANOVA) бойынша статистикалық талдау жүргізілді. Шынайы Тьюки критеріі ($p \leq 0,05$). Мәліметтерді өңдеу R 4.2.1 және STATISTICA 10 бағдарламалары бойынша талданды.

Нәтижелер

1-кестеде пияз тұқымдарының өсу энергиясы (7-тәулікте) мен өнгіштігі (14-тәулікте) бойынша екі жылдық (2024–2025 жж.) мәліметтер берілді. Зертханалық сараптама нәтижесі биопраймингтің пияз тұқымдарының егістік сапасын арттыратынын көрсеткен. Алынған нәтижелер бойынша ең тиімді нұсқалар болып T4 және T5 табылды. Жалпы барлық зерттеу нұсқалары бойынша бақылаумен салыстырғанда (T1), тұқымдардың өніп-өсуі энергиясы -7,78–11,67%, ал өнгіштігі – 9,73–12,48% артты. Бұл нұсқалардың тәжірибе дәлдігі: $m = 0,91-0,95\%$, ал ең төменгі елеулі көрсеткіші (ЕЕК, 0,95) – 2,18-2,33% (1-кесте).

1-кесте – Биопраймингтің пияз тұқымдарының өніп-өсуі энергиясы мен өнгіштігі көрсеткіштеріне әсері

Тәжірибе нұсқалары	Зерттеу жылдары	Тұқымдардың өніп-өсуі энергиясы (7-тәулікте)					Тұқымдардың өнгіштігі (14-тәулікте)				
		1	2	3	4	орташа	1	2	3	4	орташа
T1	2024	77,4	75,8	79,2	77,7	77,52	84,8	79,7	85,5	85,0	83,75
	2025	81,0	76,2	74,5	69,8	75,37	87,3	84,9	82,2	78,5	83,22
	орташа	79,2	76,0	76,8	73,7	76,44	86,0	82,3	83,8	81,7	83,49
T2	2024	87,6	84,7	82,1	85,3	84,92	95,2	93,5	91,8	93,4	93,47
	2025	83,3	81,9	85,9	82,4	83,37	91,6	90,3	93,6	92,8	92,07
	орташа	85,4	83,3	84,0	83,8	84,14	93,4	91,9	92,7	93,1	92,77
T3	2024	81,9	84,4	83,0	80,5	82,45	90,6	95,7	94,0	92,3	93,15
	2025	78,6	82,3	84,5	83,9	82,32	85,8	89,8	92,6	92,1	90,07
	орташа	80,2	83,3	83,7	82,2	82,39	88,2	92,7	93,3	92,2	91,61
T4	2024	84,5	80,6	80,9	86,0	83,00	93,2	90,8	91,4	95,7	92,80
	2025	82,3	86,7	86,2	85,1	85,07	92,9	96,7	95,7	94,9	95,05
	орташа	83,4	83,6	83,5	85,5	84,04	93,0	93,7	93,5	95,3	93,91
T5	2024	88,1	86,3	84,0	83,7	85,52	95,8	94,3	92,9	90,2	93,30
	2025	86,0	82,9	86,7	85,2	85,20	94,0	92,7	95,6	95,1	94,35
	орташа	87,0	84,6	85,3	84,4	85,36	94,9	93,5	94,2	92,6	93,82
Тәжірибе дәлдігі m%						0,94					0,91
Ең төменгі елеулі көрсеткіш ЕЕК 0,95						2,18					2,33

Біздің зерттеулерімізде бақылау нұсқасында (T1) сау өскіндердің ең төменгі көрсеткіші (80,55%) тіркеліп, патогендермен залалдану деңгейінің артқаны белгіленді. Биопрайминг қолданылған нұсқалармен (T2-T5) салыстырғанда, саңырауқұлақ аулары 2 есе жоғары болып, салдарынан өнбей қалған тұқымдар саны басым болған. Кешенді биологиялық препараттарды қолданған тәжірибелерде, сау өскіндер көрсеткіші бақылаумен салыстырғанда 11,67–14,83%-ға жоғары келіп, ауру белгілерімен өніп шыққан тұқымдар саны азайған (0,68–1,33%). Зерттеу нәтижелері бойынша саңырауқұлақ ауруларынан жойылған өскіндердің ең төмен деңгейі T4 нұсқасында тіркелді (2-кесте).

2-кесте – Биопраймингтің пияз тұқымдарының фитопатологиялық көрсеткіштеріне әсері

Тәжірибе нұсқалары	Зерттеу жылдары	Барлығы өніп-шыққан, %	Солардың ішінде		Аурудан жойылған өскіндер, %		Өнбей қалған, %
			сау өскіндер, %	ауру белгілерімен өніп шыққандар, %	<i>Peronospora destructor</i>	<i>Fusarium oxysporum</i> f. sp. <i>cepae</i>	
T1	2024	83,75	81,4	2,35	2,9	4,0	9,40
	2025	83,22	79,7	3,52	3,1	4,5	9,90
	орташа	83,49	80,55	2,93	3,00	4,25	9,65

2-кестенің жалғасы

T2	2024	93,47	91,0	2,50	1,3	1,8	3,40
	2025	92,07	88,9	2,00	1,9	2,3	4,90
	орташа	92,77	89,95	2,25	1,60	2,05	4,15
T3	2024	93,15	92,1	1,00	1,1	2,1	3,7
	2025	90,07	88,4	1,67	2,3	1,9	5,8
	орташа	91,61	90,25	1,33	1,70	2,00	4,75
T4	2024	92,80	91,7	1,10	1,3	2,0	3,9
	2025	95,05	93,3	1,75	1,5	1,1	2,4
	орташа	93,91	92,50	1,42	1,40	1,55	3,15
T5	2024	93,30	92,1	1,20	1,1	2,4	3,2
	2025	94,35	91,8	2,55	1,3	1,8	2,6
	орташа	93,82	91,95	1,87	1,20	2,10	2,90

Биопраймингтің пияз өсімдіктерінің өсуі мен дамуына статистикалық тұрғыдан сенімді ($p \leq 0,05$) оң әсер ететіні анықталды. Биометриялық көрсеткіштерді бағалау барысында барлық тәжірибе нұсқалары (T2–T5) бақылаумен (T1) салыстырғанда айтарлықтай жоғары мәндер көрсетті.

Атап айтқанда, T2 нұсқасында жапырақ-сабақтарының орташа ұзындығы 51,62 см дейін артып, бақылаумен салыстырғанда 17,0% жоғары болды. Жапырақ саны 8,87 данаға (+29,1%), пиязшық диаметрі 7,42 см (+17,8%), орташа массасы 132,50 г (+28,3%) және жапырақ бетінің ауданы 702,87 см² (+31,1%) дейін ұлғайды. Бұл көрсеткіштердің өзгерісі тәжірибелік қателік шегінен ($\pm m$) жоғары болып, олардың статистикалық мәнділігін растайды.

Оң динамика T3 нұсқасынан да байқалды: жапырақ ұзындығы 48,50 см (+9,9%), орташа масса 116,37 г (+12,7%), жапырақ бетінің ауданы 644,75 см² (+20,2%) құрады.

Ең жоғары нәтижелер T4 нұсқасында тіркелді. Бұл нұсқада жапырақ-сабақтарының орташа ұзындығы 54,85 см дейін жетіп (+24,3%), жапырақ саны 9,37 данаға (+36,4%), пиязшық диаметрі 7,98 см (+26,7%), орташа массасы 138,12 г (+33,8%) және жапырақ бетінің ауданы 747,0 см² (+39,3%) дейін артты. Көрсеткіштердің вариациясы төмен ($\pm m$ аз мәнде) болып, нәтижелердің тұрақтылығы мен сенімділігін дәлелдеді.

T5 нұсқасы да жоғары тиімділік көрсетіп, көптеген параметрлер бойынша T4 нұсқасына жақын нәтижелер берді: жапырақ ұзындығы 53,75 см (+21,8%), орташа масса 133,37 г (+29,2%), жапырақ бетінің ауданы 719,50 см² (+34,1%).

Бақылау нұсқасында (T1) ең төмен көрсеткіштер қалыптасып, жапырақ ұзындығы 44,12 см, жапырақ саны 6,87 дана, пиязшық диаметрі 6,30 см, орташа массасы 103,25 г және жапырақ бетінің ауданы 536,25 см² болды.

Екі жылдық нәтижелерді салыстырмалы талдау тәжірибе нұсқалары арасында барлық көрсеткіштер бойынша айқын және статистикалық сенімді айырмашылықтардың бар екенін көрсетті. Жылдар бойынша салыстыру нәтижесінде 2025 жылы T4 және T5 нұсқаларында көрсеткіштердің жоғарылауы байқалды (3-кесте).

3-кесте – Биопраймингтің пияз өсімдіктерінің биометриялық көрсеткіштеріне әсері

Тәжірибе нұсқалары	Зерттеу жылдары	Жапырақ-сабақтарының орташа ұзындығы, см	Жапырақ-тардың жалпы саны, дана	Пияз-шықтар диаметрі, см	Пияз-шықтардың орташа массасы, грамм	Жапырақ-тардың жалпы аумағы, см ²
T1	2024	45,5 ± 3,20	7,0 ± 0,82	6,40 ± 0,37	104,75 ± 12,55	559,0 ± 72,0
	2025	42,75 ± 1,89	6,75 ± 0,25	6,20 ± 0,19	101,75 ± 7,61	513,5 ± 35,9
	орташа	44,12	6,87	6,30	103,25	536,25

3-кестенің жалғасы

T2	2024	53,0 ± 2,35	9,0 ± 0,41	7,45 ± 0,26	135,5 ± 5,40	715,75 ± 32,65
	2025	50,25 ± 1,32	8,75 ± 0,25	7,40 ± 0,17	129,5 ± 6,65	690,0 ± 19,90
	орташа	51,62	8,87	7,42	132,50	702,87
T3	2024	49,25 ± 1,32	8,0 ± 0,41	7,12 ± 0,17	121,50 ± 6,35	661,0 ± 19,70
	2025	47,75 ± 1,93	7,5 ± 0,65	6,92 ± 0,15	111,25 ± 4,05	628,5 ± 31,75
	орташа	48,50	7,75	7,02	116,37	644,75
T4	2024	53,5 ± 1,33	9,25 ± 0,48	7,92 ± 0,17	135,25 ± 8,10	726,0 ± 24,25
	2025	56,20 ± 1,94	9,50 ± 0,65	8,05 ± 0,23	141,00 ± 7,32	768,0 ± 37,9
	орташа	54,85	9,37	7,98	138,12	747,0
T5	2024	52,5 ± 1,56	9,0 ± 0,41	7,77 ± 0,25	132,25 ± 5,70	704,25 ± 26,60
	2025	55,0 ± 2,17	9,0 ± 0,58	8,02 ± 0,30	134,50 ± 9,40	734,75 ± 18,2
	орташа	53,75	9,00	7,89	133,37	719,50
ANOVA results, W:		0,99	0,98	0,99	0,99	0,99
p-value:		<0,001	0,004	<0,001	<0,001	<0,001

Биопраймингтің пияз өсімдіктерінің фенологиялық кезеңдеріне әсерін зерттеу барысында тәжірибе нұсқаларындағы (T2-T5) өсімдіктер көрсеткішінің бақылаумен (T1) салыстырғанда едәуір жоғары болғаны анықталды. T4 нұсқасында өсімдіктердің көктеп шығуы орташа есеппен 11,5 тәулікке жетіп, бақылаумен салыстырғанда 30,3% жылдамдаған. Сонымен қатар, жаппай көктеп шығудан техникалық пісіп-жетілуге дейінгі кезең 7 тәулікке қысқарған. Жалпы бақылаулар бойынша фенологиялық кезеңдердің ұзақтығын 4,92–7,58% қысқартатыны анықталды.

Фитосанитарлық мониторинг нәтижелері биопрайминг қолданылған нұсқаларда саңырауқұлақ ауруларының таралуы деңгейі төмен болғанын көрсетті. Бақылаумен (T1) салыстырғанда, жалған ақ ұнтақ 71,87–87,50%, ал фузариоз 72,00–84,00% төмендегені тіркелді (4-кесте).

4-кесте – Биопраймингтің пияз дақылының фенологиялық көрсеткіштеріне және фитосанитарлық жағдайына әсері

Тәжірибе нұсқалары	Зерттеу жылдары	Көктеп шығуы, тәулік саны		Тұқымды себуден техникалық пісіп-жетілуге дейінгі тәулік саны	Саңырауқұлақ аурулары			
		10%	75%		жалған ақ ұнтақ	ауру деңгейінің төмендеуі, %	фузариоз	ауру деңгейінің төмендеуі, %
T1	2024	16	26	130	18		13	
	2025	17	28	134	14		12	
	орташа	16,5	27,0	132,0	16,0	-	12,5	-
T2	2024	13	21	124	3		3	
	2025	15	24	127	6		3	
	орташа	14,0	22,5	125,5	4,5	71,87	3,0	76,00
T3	2024	15	25	130	4		2	
	2025	13	24	126	3		2	
	орташа	14,0	24,5	128,0	3,5	78,12	2,0	84,00
T4	2024	12	21	123	3		4	
	2025	11	19	121	1		2	
	орташа	11,5	20,0	122,0	2,0	87,50	3,0	76,00

4-кестенің жалғасы

T5	2024	12	20	122	3		2	
	2025	14	23	125	5		5	
		13,0	21,5	123,5	4,0	75,00	3,5	72,00

Жүргізілген зерттеулер барысында биопраймингтің пияз дақылының өнімділігіне әсері бағаланып, салыстырмалы талдау нәтижесі биологиялық кешенді препараттар қолданылған нұсқаларда (T2–T5) өнімділіктің бақылаумен (T1) салыстырғанда едәуір артқанын көрсетті. Бақылаудағы орташа өнімділік 38,46 т/га болса, өңделген нұсқаларда 46,92–47,89 т/га дейін өскен. Ең жоғары өнімділік T4 нұсқасында тіркеліп, бақылауға қосымша 9,43 т/га немесе 24,5% өнім алынды. Тәжірибе нәтижелерін дисперсиялық талдау (ANOVA), зерттеу нұсқалары арасындағы айырмашылықтардың статистикалық маңызды екенін ($p\text{-value} < 0,001$) дәлелдейді. W критеріі – 0,99 болып, тәжірибелік мәліметтердің жоғары келісімділігін көрсетсе, эксперименттік қате деңгейінің төмендігі ($m = 1,14\%$) нәтижелердің дәлдігін растайды (5-кесте).

Зертханалық жағдайда жүргізілген биохимиялық талдау нәтижелері бойынша пиязшықтардың ең жоғары биохимиялық көрсеткіштері T5 нұсқасында тіркелді: құрғақ заттар – 13,5%, жалпы қанттылық – 8,75%, C дәрумені – 11,05 мг%.

Сонымен қатар, барлық өңделген нұсқалар бойынша пияз жемістерінде құрғақ заттардың (13,15–13,50%), жалпы қанттың (8,45–8,75%) және C дәруменінің (10,55–11,05 мг%) жоғары деңгейде қалыптасқаны анықталды. Нитраттар мөлшері 49–78 мг/кг аралығында болып, рұқсат етілген шекті деңгейден аспаған, яғни өнім экологиялық тұрғыдан қауіпсіз екенін растайды (5-кесте).

5-кесте – Биопраймингтің пияз дақылының өнімділігі мен сапа көрсеткіштеріне әсері

Тәжірибе нұсқалары	Зерттеу жылдары	Жалпы өнімділік, т/га	Бақылауға қосымша өнім		Құрғақ заттар, %	Жалпы қанттылық, %	C дәрумені, мг %	Нитрат мөлшері, мг/кг
			т/га	%				
T1	I	38,72	-	-	13,3	8,7	11,7	66
	II	38,20	-	-	12,7	8,1	9,4	58
	орташа	38,46	-	-	13,0	8,4	10,55	62,0
T2	I	47,35	8,63	22,29	14,0	8,8	11,5	70
	II	46,50	8,30	21,73	12,3	8,4	10,2	63
	орташа	46,92	8,46	22,00	13,15	8,6	10,85	66,5
T3	I	43,95	5,23	13,51	13,1	8,6	10,9	49
	II	41,55	3,35	8,77	12,9	8,3	10,2	61
	орташа	42,75	4,29	11,15	13,00	8,45	10,55	55,0
T4	I	47,52	8,8	22,73	13,3	8,5	10,4	72
	II	48,25	10,05	26,31	13,5	8,8	11,5	78
	орташа	47,89	9,43	24,52	13,40	8,65	10,95	75,0
T5	I	47,02	8,3	21,44	14,1	9,1	12,0	64
	II	47,30	9,1	23,82	12,9	8,4	10,1	67
	орташа	47,16	8,70	22,62	13,50	8,75	11,05	65,5
Тәжірибе дәлдігі m%: 1,14 Ең төменгі елеулі көрсеткіш ЕЕК 0,95: 1,58								

Талқылау

Тұқымдардың өніп-өсуі, тыныштық фазасынан белсенді тіршілік әрекетіне ауысатын, өсімдіктер онтогенезінің бастапқы сатысы болып табылады. Тұқымдардың өңгіштігі – көктеп шыққан өскіндер санының себілген тұқымдар санына шаққандағы пайыздық қатынасы және тұқымдық материалдың егістік сапасын анықтайтын негізгі көрсеткіш. Келешек өнім деңгейі тұқым сапасына, яғни оның құрамындағы қоректік заттар қоры, өсу энергиясы

және фитосанитариялық тазалығы сияқты негізгі көрсеткіштерге байланысты. Осыған орай, өсімдіктердің сапасы мен өнімділікті көтеру мақсатында тұқымды себуге дайындау – негізгі агротехникалық іс-шаралар ретінде қарастырылуы керек.

